

Правовое государство предполагает последовательное воплощение в жизнь взаимной ответственности государства и личности. В государствах с авторитарными политическими режимами господствует ответственность гражданина перед государством. В правовом – государственные органы и должностные лица ответственны перед гражданами в случае нарушения их прав и свобод. Правовое государство в его взаимодействии с человеком обеспечивает и защищает его жизнь, здоровье, честь и достоинство, свободы; является средством борьбы с таким отрицательными явлениями как бюрократизм, местничество, ведомственность.

При формировании правового государства в современных государствах характерен и актуален принцип «разрешено все, что не запрещено законом», относящейся прежде всего к государственным органам и должностным лицам. Однако этим принципом следует пользоваться разумно. Он предполагает наличие определенного уровня политической и правовой культуры, информированности, умение соотносить свой личный и общий интересы, соблюдение общепринятых норм поведения. Законы подлежат безусловному выполнению всеми: и властвующими, и подвластными. Правовое государство в известном смысле – государство законности. Между этими определениями можно поставить знак равенства. Для этого характерное требование точного и неуклонного соблюдения исполнения всеми участниками общественных отношений именно правовых законов.

Воплощая в жизнь соответствующие идеи, принципы, не следовало бы забывать о бесперспективности слепого копирования в этом смысле чужого опыта, о необходимости учета национальных особенностей, исторических традиции. Одно дело – восприятие «истин», которые приобрели универсальный для всего человечества характер, и совсем другое – моменты, свойственные лишь данной стране. Только в редких случаях законы одного государства могут оказаться пригодным для другого.

Формирования правового государства в Казахстане представляет собой сложнейшую проблему, решение которой, вероятно, потребует длительного времени и концентрации сил всего общества. Это пока идея, но одновременно и ориентир движения по пути демократических преобразований.

1. Мартышкин О.В. Несколько тезисов о перспективах правового государства в России. // Государства и право. 1996. № 5
2. Лейст О.Э., Мачин И.Ф. Гражданское общество и современное государство. // Вестник Московского университета. Серия.11. Право. 1995 №4.
3. Баймаханов М.Т. Избранные труды по теории государства и права. Алматы: АЮ-ВШП «Әділет», 2003.
4. Конституция Республики Казахстан. Алматы, «Жеты-Жарғы». 1995.
5. Барнашов А.М. Теория разделения властей: становление, развитие, применение. Томск. 1988.
6. Конституционный закон «О судебной системе и статусе судей Республики Казахстан» 25 декабря 2000 года.
7. Послание Президента Республики Казахстан Н.А.Назарбаева народу Казахстана. «Казахстан на пути ускоренной экономической, социальной и политической модернизации». Каз. правда. 19 февраля 2005 года.
8. Права человека: Учебник для вузов/ Отв.ред.чл-корр. РАН, д.ю.н. Е.А.Лукашева. – М.: Изд-во Норма. 2002.

The article regards some peculiarities of legal state formation.

Берілген мақалада автор құқықтық мемлекеттің қалыптасуының кейбір ерекшеліктерін қарастырады.

Қ.С. Иманбаев

ИСЛАМ МІНДЕТТЕМЕ ҚҰҚЫҒЫНЫҢ НЕГІЗГІ НОРМАЛАРЫ

Ислам және оның шариат заңдарын зерделеу ғылымға көп жаңалық әкелері хақ. Қазіргі ғылым мен техниканың дамыған заманында ислам мен ғылым арасында ерекше жүйелік және үзуге болмайтын байланысты күшейте түскен жөн. Ислам және оның Шариат заңының ғылыми тұстары әлі де ашыла түсетініне күмәніміз жоқ.

Шариаттың басты принципі – заңдылық. өйткені, әділеттік, шындық, туралық, ислам дінідегі жалпы рухани байлық жүйесінің негізі әрі адамзат баласының құндылықтарының басты байлығы.

Шариаттың және бір қайнар көздері болып әдет – ғұрып заң нормалары болып саналады. Әдеп-ғұрыпты тек имам Ағзам жолын ұстанушылар (соның ішінде қазақ халқы да бар) пайдаланады. Болса да әдет-ғұрып заң қағидалары кез келген халықтың тарихының өн- бойында қалыптасып, қоғамдық қатынастарды реттеп отырған. Рас, қазақ даласына хақ дін ислам және оның шариат заңдары қылыштың күшімен таралмағанын, келген исламдық имам Ағзам жолымен өзге ағымдардың әсер ете алмағанын баса айтқанымыз жөн.

Қазақ халқы әдет-ғұрып заң нормаларын әдемі сақтап, тіпті осы күнге жеткізіп отыр. Оның үстіне қазаки әдет-ғұрыптық заң нормаларының негізі әділдік, теңдік, заңдылық болғандықтан халықтық сипатқа ие болды әрі ислам діні оны жетілдіріп жіберді. Құқықтық сана-сезім дамыған, кемеліне жеткен ортада құқықтық реттеушілік оңайға түседі. Мұны терең түсінген ата-бабаларымыз адамаралық қарым-қатынастарды, мәмілелер мен келісім-шарттарды қасиетті міндет деп түсінген. Оларды адал міндеттеме, арам міндеттеме деп бөлген. Осындай биік дәрежеге жетудің қазақ қоғамында өзіндік баспалдақтары мен ерекшеліктері болып, олар нағыз адами қағида-ережелер жасауға алғы шарттар жасады.

Ең әуелгі ерекшелікті атасақ, ол көшпелі этностардың құқықтық сана-сезімі олардың дүниетанымының жемісі әрі құрамдас бөлігі. Оның мәні: адам, қоғам, қоршаған орта, олардың арасындағы қарым-қатынас, адам өмірінің мәні мен мақсаты, оның қоғамдағы орны алғы шарттар жасауға түрткі болды.

Кең дала, қоршаған табиғат көшпелілерді ерте оятты. Адамды қадірлеу, тану, қоршаған ортаны сезіну, қабылдау, тіршілікті бағалау секілді ой-әуендер көшпелілерді қатты толғандырды. Бұл толғаныс толқыны

ежелгі дәуірлерден, ғұн, сак замандарынан бастау алады. Ой-толғанысы әрқашан жемісті болды. Өйткені, бұл ой-толғамдар көпшілік мүддесіне, қажетіне арналған, адамның күнделікті өмір-тіршілігіне, тұрмыс қажетсінуін өтеу үшін қызмет етуге арналған. Сондықтан да мұндай ой-әуендер халықтық сипатты иеленді. «Халықтың ойлау мәдениеті қоғамдық өмірдің барлық салаларымен астасып, біте қайнасып жатты және солардан көрініс тапты, сонымен қатар қоғам мүшелеріне түсінікті нысандар да өмір сүріп қолданылды» [1].

Ислам діні дүниеге белгісіз көне дәуірдің өзінде-ақ әлем халықтары арасынан қазіргі Аллаға жақын ой-пікір ұстанғандар көшпелілер еді. Олар әлемді жаратушы бар, ол – көктегі Тәңірі деп ұқты. Христиандар іспетті оның баласы бар демеді, болмаса, арабтар секілді қолдан «құдай» жасамады, отқа, суретке табынбады.

Көшпелілердің иланым-сенімдері негізінен Тәңірі болғанымен, қасиеттейтін нәрселері де болған. Мысалы, Жерді, отты қастерлеген. От – өмір сүрудің негізі. Жылулық та, жарық та береді. Ал қара жер асырайды, бағады, жаралғанымыз да, барар мекеніміз де қара жер деп ұққан. Алайда Жерді де, отты да қасиеттегенімен, оларға табынбаған. Рас, От ана, Май ана деп жаңа босағадан аттаған келінге от жағып, май құю дәстүрі бар. Бірақ, отты жаратушы есебінде емес, пәктеуші, тазалаушы есебінде қараған.

Ел билеуші хандарын Тәңірі өз әмірімен хан етіп, билетіп отыр. Оған Тәңірінің нұры түскен деп санаған. Жалпы халқымыздың рухани-мәдени мұрасын құрайтын қасиеттер кішіпейілділік, елін, жерін сүю, тапқырлық, шешендік, төзімділік секілді сипаттарды ежелден-ақ қалыптастырған.

Көшпелілердің құқықтық өмірі осы дүниетанымдар аясында туындап, қалыптасты. Бәрін билеуші Тәңірі деп ұғынылды. Бұл бір ерекшелігі. Екінші бір ерекшелігі – аруақтарға илану. Көшпелілер адамды, оның қабілетін танып-білуден, құрметтеуден туындаған аруақ ұғымын қалыптастырған. Өте данышпан, ақылды, әділ қарияларды тәбәріктеп, «тірі аруақ» атаған. Ал, кез келген адамның өмірден озған, бақилық болған бабаларын аруақ деп атаған. Аруақ – араб сөзі, рух сөзінің көпшесі.

Көшпелілердің тағы бір ерекшелігі олардың құқықтанымында еркіндік, бостандық, әділдік, теңдік, имандылық ұғымдары басты орын алды. Азаттықтан, еркіндіктен айырылуды қор өмір, құлдық өмір ретінде бағалап, онан гөрі «өлгендерін» артық санады. Сондықтан да бостандық пен еркіндікті шектегенді айтпағанның өзінде оған бақылау орнатқанды жақтырмаған. Сол себепті де қылмыскер қаншалықты айыпты болғанымен жазасын лайықты беріп, бірақ түрмеде бас бостандығынан айырмаған. Сол үшін де қазақ қоғамында түрме, зындан дегендер мүлдем болмаған.

Көшпелілердің тағы бір ерекшелігі – отырықшылық өмірді ұнатпауы. Бір жерде отырып тұрмыс кешу қазыққа байланған ит өмір деп, саһарада емін-еркін көшіп-қонуды нағыз еркін өмір санады. Қағида-ережелерінің де бастауларын осы ой-әуендерден алды. Оны ауызекі сөйлеу шеберлігімен жүзеге асырып отырды. Қазақ құқық жүйесінің ислам діні және шариат заң жүйесінен бір ерекшелігі «дауды қарастырудағы қарапайымдылық, сот әділдігі мен дәлелдеу бостандығының қамтамасыз етілуі, тараптардың және процеске қатысушылардың әрқайсысының өкілдерінің іске қатысу мүмкіндігінің шектелмеуі, тараптарды татуластыруға тырысу және соттық шешімдердің, тіпті кінәлі тарапқа қатаң жаза тағайындалған кезде де қоғамның алдындағы әділеттігі мен логика заңдарына сай болуын қамтамасыз ету» билер сотының нысаны мен мазмұны болды. Ал, қазылық сот мұндай еркіндіктер мен бостандықтарды бермеді. Бұл жайлы Г.М. Керимов былай деп жазады: «Дело разбиралось устно, публично, без всяких формальностей и окончательный исход его полностью зависил от кази» [2]. Сот процесіне қазы айыпкер мен жәбірленушінің қатысуын міндеттеп, әрі сот процесін үздіксіз жүргізе отырып жеке өзі шешкен, әрі бұл шешім ең соңғы шешім ретінде саналған. Одан әрі шағым айтуға тыйым салынды.

Қазақстанның құқық тарихында әдет-ғұрып заң нормаларының алатын орны ерекше. Қазақтың заңгер-ғалымдары С. Зиманов және Н. Өсеров былай дейді: «Үш жүзден тұратын қазақтарды тарих бетіне шығарды. Сонымен бірге өзіне тән ерекшеліктері бар қазақ әдет-ғұрып заңдары да қатар өмірге келді. Бұл заңдар мен қағидалардың, құқықтардың қоғамға араласпайтын, олар қамтымайтын салалары жоқтың қасы. Жеке индивидтерден бастап, бүкіл қоғамдағы қандай іс-әрекетті, қарым-қатынасты алмайық, мысалы, көші-қон, дау-дамай, ұрлық-қарлық, алым-салық, аза-қаза, өлім-жітім, алыс-беріс, жиын-той, т.б. бәрі де қазақи дәуірде қалыптасқан қағидалармен реттеліп отырған. Міне, осы қазақи дәуір ережелері көбіне басқалармен онша қарым-қатынас жасамауы себепті томаға-тұйық, өзгеріске онша түспеген қалпында күні кешеге дейін жетті» [3]. Исламда да: «Уәдеге опа етіп, міндеттеме-келісімдерді адал орындау» қажеттілігі міндеттелген.

Көшпелі қазақ қоғамындағы әдет-ғұрып заңдарында ұшырасатын міндеттеме түрлері: сауын, асар, жылу, жұртшылық, соғымбасы, қонақжайлық, жалдау және жалдану, қалыңмал және жасау, енші беру, мұра және мұрагерлік, өсиет айту, сақтауға беру, кепіл және кепілдік, сый алу және беру, қарыз беру және алу, аманат мал, бала асырап алу, т.б. былайша салт-дәстүр болып көрінгенмен міндеттеме институттары.

Қазақ қоғамының құқық жүйесіндегі келісім-шарт түрлері міндеттеме құқықтарынан туындаған. Әсіресе, қазақтардың құқық жүйесіне, оның ішінде міндеттеме институттарына мұсылмандық құқық жүйесінің шариат заңдары айтарлықтай әсер еткені, әсіресе адамгершілікке, имандылыққа, уәдеге опа етуге шыңдағанын айтар едік. Міндеттемені бұзған кезде қолданатын қағида-ережелер міне осы сипатымен күрделі әрі әділеттілікпен шешуді талап етеді. Бұл шариат заңында ерекше көзге тұтылады. Әуелі, міндеттеме бір жақты не болмаса екі жақты немесе көп жақты екендігіне қарамай, одан туындайтын қатынастар адал орындалуы тиістілігіне ислам діні және оның шариат заңы басты назар аударады әрі оның нақты түрде орындалуын екі тарапқа міндеттейді. Екіншіден, міндеттемеде екі (бір не көп) жақтың іс-әрекеті нақты көрсетіледі. Ол мәжүрлеу, күштеумен не болмаса тәуелділіктен туындамауы тиіс. Үшіншіден, міндеттемедегі шарттар екі (немесе бір не көп) жаққа да тиімсіз, қатаң түрде болмауы қажет. Төртіншіден, міндеттемені орындаудың мерзімі, орыны, тәсілі айқын көрсетілуі тиіс. Бұл айтылған талаптарды Алла алдында әділ шешуді қамтамасыз ететін шариат заңдарын

қалыптастыру исламмен бірге пайда бола қалғаны жоқ. Бұл мәселені шешу жолында ислам дінінің небір ғұлама саңлақтары ұзақ мезгіл заң шығарушылық ісімен айналысты. Нәтижеде, тек ислам діні пайда болғаннан соң, екі ғасыр өткенде ғана шариат заңы жүйеленіп, жүзеге келді.

Шариғат – барлық мұсылмандар үшін орындалуы тиісті, исламда көрестілген адамгершілік заң құрылымдары. Басқа құрамына білім және діни талаптар енеді. Ислам заңын тануда шариғаттың негізгі мазмұны Құран, Сунна, Иджа және Қияс деп танылады. Шариғатты жетілдіру үдерісінде кез-келген жағдайға байланысты негізгі категориялар жасалған. Ондай категориялардың қатары бесеу: оның екеуі мұсылмандардың міндеттеріне байланысты: парыз – қатаң міндетті бұйрықтар, мандуб – мақұлданатын, бірақ міндетті емес бұйрық. Екеуі шектеу салатын категориялар: харам – тыйым салынатын әрекеттер және макрух - тыйым салынбаған, бірақ мақұлданбайтын әрекет. Соңғы категорияға мухаб, бұл әрекетке ислам бейтарап қарайды.

Тарих ғылымдарының кандидаты, доцент Э.Т. Телеуова шариғат туралы төмендегідей ой тұжырымдайды: “Шариғатта қоғамдық қатынастардың барлық жақтары қарастырылады. Далалық заңдардан шариғаттың басты айырмашылығы әр мұсылманның өз іс-әрекеті үшін жауаптылығы. Шариғатта жеке адамгершілік құқығы жоқ, бірақ дінге сенушілердің моралі бар. Мұндағы азаматтық, қылмыстық, отбасылық, шаруашылық құқықтары жинақталып, оның басты нормасы ретінде мұсылманның адал өмір сүру заңын құрады. Шариғат заңдары қоғамдық қатынастарды күшейтіп нығайтуға жол ашты. Шариғатта әдет-ғұрып ретінде еніп, кейін заң негізіне дейін көтерілген ережелер бар. Оның біразы отбасылық құқық бойынша неке қию, талақ ету, қалыңдыққа қалың мал беру сияқты қазақ дәстүрлерімен сәйкес, бір өзгешелігі - күйеу жағы жер, бақша, махр берді”, - дейді [4].

Қорыта келгенде, қазақ құқығы шариғатты өзіне тиімділігі жағынан, шектен шығармай үйлесімді жағдайда қолданып отырған. Ислам міндеттеме құқығы әлемдегі ең өркениет талаптарына жақын құқықтық жүйе екені мойындалып, әлем жұртшылығы шариат заң нормаларына, қызығушылық танытып, оның механизмдерін қолданысқа алып жатқанда, Қазақстан Республикасының заңнамасы да белсенділік танытып, ата-бабаларымыз өз тұрмыс-тіршілігінде қолданған адамгершілік пен имандылыққа толы қағида ережелерімізге ойысқаны, оны кәдеге жаратуы заңды.

1. Кенжалиев З. Көшпелі қазақ қоғамындағы дәстүрлі мәдениет. – Алматы: Жеті жарғы, 1997. – 192 б.

2. Керимов Г.И. Шариат и его социальная сущность. – М., 1978 – 223 с.

3. Зиманов С.З., Осеров Н. Қазақ әдет-ғұрып заңдарына шариаттың әсері. – Алматы, 1998. – 128 б.

4. Телеуова Э.Т. Дәстүрлі қазақ қоғамының әлеуметтік- құқықтық ерекшеліктері. – Алматы. Қазақ университеті, 2007.- 29 б.

The author of the article touches upon the peculiarities of the rights and the obligatory juridical standards in Islam from the point of their using in accordance with the law.

В данной статье рассматриваются особенности право и обязательство правовых норм в исламе.

3. Ағдарбекова

ҚАЗАҚТЫҢ ӘДЕТ-ҒҰРЫП ЗАҢДАРЫНДАҒЫ АУЫР ҚЫЛМЫСТАРДЫҢ БИЛЕР СОТЫНДАҒЫ ҮЛГІЛІ ШЕШІМДЕРІ

Қазақтың әдет-ғұрып заңдар жүйесі, мәдени және демократиялық дәстүрлерге негізделген. Сондықтан өзіне тән ерекше құқықтық реттеушілік мәнін ХХ ғасырдың басына дейін сақтап келді және көшпелі өркениеттің шаруашылық – тұрмыстық, дүниетанымдық негіздері осы жаңа дәуірге дейін сақталғанын байқаймыз.

«Қазақтың көне құқығы, ұлан-ғайыр «еркін» аймақта орналасқан, түркі тілді көшпелі өркениеттің төл туындысы, әрі мәдени жемісі, әрі мұрасы». [1]

Қазақ қоғамының ортағасырлық кезеңіндегі бүкіл құқықтық аумағында «Дала заңының» ролі өте жоғары болды, себебі рулық, тайпалық дәстүрлер адам санасына неғұрлым терең сіңіп, берік сақталуға негіз болды.

Қазақ халқының дәстүрлік құқығының асыл қорының, сақтаушы, «... реформаторы және жүзеге асырушы күші – билер болды». [2]

Би, біріншіден – сот болған. Қазақ даласында билік атакқа жету оңайға түспеген. Себебі, би болатын адам жасынан бастап «Дала заңының» негізгі қағидаларын, оның негізгі құқықтық нормаларын толық меңгеріп, атакты билердің үлгілі сөзінен нәр алған және оны басшылыққа алған. Билер ауыл мен ру бірлестігінен, жүзге, ұлысқа, бүкіл елге жүрген. Қазақтың құқығы ХІІІ ғасырда Шыңғыс ханның «Орда биі» атанған, Майқы биден басталады. Сондықтан дәстүрлік құқықта «Түгел сөздің түбі бір, түп атасы Майқы би» деген ерекше бағалау сөз қалған. Қазақ құқығының қайнар көздеріне «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы» және Тәуке ханның «Жеті жарғысы» жүйеленген заңдар жинақтары есебінде жатқызылады. Біздің ойымызша, ал қазақ құқығының қайнар көздеріне; хандардың жарғылары, билердің үлгілі шешімдері, шариғат заңдары, Шыңғыс ханның заңдарында, арнайы атап жатқызғанымыз, қазақ құқығының қайнар көздерін толық зерттеуге мүмкіндік беретіні сөзсіз. Билердің мәнін, мәртебесін анықтайтын қазақ құқығында арнайы нормалар бар. Ол нормаларға «Атаның баласы болма, адамның баласы бол», «Туғанына бұрғаны – биді құдай ұрғаны», «Гаста тамыр жоқ, биде бауыр жоқ». Сондықтан да шындық пен әділдікке жету билердің соттық шешімінің түпкі мақсаты болып есептелген. Соны дәлелдейтін мына моралдік және құқықтық мақсаты бар ереже-мәтелдерге көңіл аударсақ: «Атаңның құлы айтса да, әділдікке бас и», «Әдет - әдет емес, жөн әдет», «Тіл жүйрік емес, шын жүйрік», «Би төрттің құлы: адал еңбек, таза ниет, терең ой, әділдік», т.с.с.